



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



КРЕДИТТЕУ ЖӨНІНДЕ БАНКТЕРГЕ
ПІКІРТЕРІМ ЖҮРГІЗУ
2019 ЖЫЛҒЫ 2-ТОҚСАН

Кредиттеу жөнінде банктерге пікіртерім жүргізу¹

2019 жылғы 2-тоқсан

Корпоративтік секторды кредиттеу

2019ж. бірінші жартысында аздап қатаңдатылғаннан кейін банктер корпоративтік кредиттеу шарттарын, оның ішінде ШОБ үшін жеңілдетті (1-сурет). Сапалы қарыз алушылар есебінен күшейген бәсекелестік қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерді төмендетуді талап етті және маржаның тарылуына алып келді (3, 4-суреттер). Жекелеген банктер кепіл талаптарын жеңілдетіп, кредитті өтеу мерзімін ұзартты (3-сурет). Бұл ретте, банктер қарыз алушылардың кредитке қабілеттілігіне қойылатын талаптарды жеңілдеткен жоқ.

Пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуі және айналым капиталға деген қажеттіліктің өсуі кредитке сұранысты арттырды (2-сурет). Мәселен, ШОБ-тан келіп түскен өтінімдердің саны бір тоқсанда 5,6 мыңға дейін 20%-ға өсті.

Нысаналы мақсаты бойынша талаптарды жеңілдетуге байланысты банктердің *Экономиканың басым салаларын жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы* шеңберінде қарыз беруге дайындығы артты. Банктердің пікірінше, бұл сұранысты арттырып, Бағдарламаны игеруді жеделдетеді.

Банктер 2018 жылғы 3-тоқсанда сұраныс өсуді жалғастырады деп күтуде (2-сурет), ШОБ кредиттеу талаптарын аздап жеңілдетуді (1, 4-суреттер) және ШОБ қарыз алушылары үшін кросс-сату арқылы транзакциялық бизнесті дамытуды жоспарлайды.

Жеке тұлғаларды кредиттеу

Ипотекалық кредиттеу нарығында бір банктің жылжымайтын мүлікке қойылатын талаптарды жеңілдетуін (5-сурет) қоспағанда, жалпы кредиттеу талаптары өзгерген жоқ. Тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың басқа мемлекеттік бағдарламаларына қосымша «Бақытты отбасы» мемлекеттік бағдарламасын іске қосу ипотекаға сұраныстың өсуіне ықпал етті. Келіп түскен өтінімдердің саны бір тоқсанда 43 мыңға дейін 30%-ға артты. Олардың 38%-ы Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларынан болды.

Тұтынушылық кредиттеу нарығында да кредиттеу талаптарында өзгерістер болған жоқ. Алайда халықтың сұранысы, әсіресе кепілсіз қарыздарға өсуін жалғастырды. Пікіртерім жүргізілген банктердің 60%-ы кепілсіз қарыздарға, 50%-ы автокредиттерге сұраныстың өскенін атап өтті. Қамтамасыз етусіз тұтынушылық қарызды алуға келіп түскен өтінімдердің саны 5 млн дейін 23%-ға, ал автокредит бойынша – 17%-ға (262 мың), кепілге берілген қарыздарға – 9%-ға өсті.

¹ Қазақстан Ұлттық Банкі 2019 жылғы шілдеде кредиттеу бойынша банктерге пікіртерім жүргізді. Талдау қорытындысы 26 екінші деңгейдегі банкті тоқсан сайын зерттеу нәтижелері бойынша дайындалды.

ҚР Президентінің Халықтың борыштық жүктемесін төмендету жөніндегі Жарлығы² шеңберінде банктер халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын және кепілсіз қарыздар бойынша жарияланған кредиттік рақымшылық жасауға жататын қарыз алушылардың қарыздары бойынша есептен шығару көлемін және сапасын бағалау бойынша жұмыстар жүргізді. Бөлшек банктердің пікірі бойынша, аталған қарыз алушылар негізінен қарыздарға сапалы қызмет көрсетеді және олар бойынша NPL стандартты қарыз алушылардан айырмашылығы жоқ.

Келесі тоқсанда банктер қарыздарға сұраныстың одан әрі өсуін күтуде және автокредиттеу талаптарын аздап қатаңдатуды жоспарлауда (5, 6-суреттер).

²«Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 маусымдағы № 34 Жарлығы

Зерттеу жөніндегі жалпы ақпарат

Кредиттеу жөніндегі пікіртерімді банктерге Ұлттық Банк кредиттік ресурстарға сұраныс пен ұсыныстарға өзгерістерді бағалау мақсатында тоқсан сайынғы негізде жүргізеді. Пікіртерім банктің жалпы кредиттік саясатын қалыптастыруға және тәуекелдерді басқаруға жауапты банктің басшыларына жіберілді. Зерттеу барысында жекелеген банктердің өкілдерімен сауалнама және кейіннен сұхбат алу арқылы барлық банктерге пікіртерім жүргізіледі.

Көптеген сұрақтарға жауаптардың нұсқалары төменде келтірілгендердің біреуін таңдауды пайымдайды:

-1 = айтарлықтай азаяды (азайды)/қатаңдайды (қатаңдады)

-0,5 = шамалы азаяды (азайды)/қатаңдайды (қатаңдады)

0 = бұрынғы деңгейде қалады (қалды)

0,5 = шамалы ұлғаяды (ұлғайды)/жеңілдейді (жеңілдеді)

1 = айтарлықтай ұлғаяды (ұлғайды)/жеңілдейді (жеңілдеді)


2018 жылғы 1-тоқсанға дейін зерттеу нәтижелері таза пайыздық өзгерісті (ТПӨ) – өлшемдердің ұлғайғанын (жеңілдегенін) белгілеген респонденттер үлесі мен оның азайғанын (қатаңдағанын) белгілеген респонденттердің үлесі арасындағы айырманы есептеу арқылы қарапайым орташа ретінде жинақталды.

2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап зерттеу нәтижелері кредиттеу нарығының тиісті сегментіндегі банктердің үлесін ескере отырып ТПӨ-ге жинақталады. Аталған индикатордың мәні егер банктер «айтарлықтай азайды/қатаңдады» жауабын таңдаса -100%-дан бастап, егер банктер «шамалы айтарлықтай ұлғайды/жеңілдеді» жауабын таңдаса 100%-ға дейін құбылуы мүмкін.

Аталған ТПӨ индикаторының оң мәні өлшемдердің өсу (жеңілдеу) қарқыны туралы, теріс мәні – төмендегені (қатаңдағаны) туралы куәландырады. Бұл ретте, таза пайыздық өзгерістің мәні өлшемдегі өзгерістің шамасын көрсетпейді, тек өзгерістің өзін ғана көрсетеді.

Сонымен қатар 2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап келіп түскен және мақұлданған кредиттік өтінімдер жөніндегі сұрақтар қосылды (№21, 22, 23 сұрақтар). Келіп түскен өтінімдердің жалпы саны кредиттік шешім (мақұлданды/ бас тартылды) қабылданған өтінімдерді, және зерттеу жүргізу барысында қаралып жатқан өтінімдерді қамтиды.


1-сурет. Корпоративтік секторды кредиттеу талаптары



(а) №5 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

2-сурет. Кәсіпкерлік субъектілерінің кредит ресурстарына сұраныс




(а) №1 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке сұранысы соңғы 3 айда қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды қоспағанда)? Сіздің пікіріңізше кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке сұранысы келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кәсіпкерлер тарапынан кредиттік ресурстарға сұраныстың ұлғаюының белгісі болады.

3-сурет. Кредиттеудің жекелеген талаптары


Таза пайыздық өзгеріс



- (а) №7 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеудің төменде келтірілген талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеудің төменде келтірілген талаптары келісі 3 айда қалай өзгереді?
- (б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

4-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері


Таза пайыздық өзгеріс



(а) №8 сұрақ: Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі келесі 3 айда қалай өзгереді?


(б) Оң таза өзгеріс корпоративтік секторға арналған кредиттеріне сыйақы мөлшерлемелерінің төмендеу белгісі болады.

5-сурет. Жеке тұлғалардың кредиттеу талаптары



- (а) №13 сұрақ: Жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?
 (б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.


6-сурет. Жеке тұлғалар тарапынан кредит ресурстарына сұраныс



- (а) №9 сұрақ: Жеке тұлғалардың кредитке сұранысы соңғы 3 айда қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды қоспағанда)? Сіздің пікіріңізше жеке тұлғалардың кредитке сұранысы келесі 3 айда қалай өзгереді?
 (б) Оң таза пайыздық өзгеріс жеке тұлғалар тарапынан кредит ресурстарына сұраныстың ұлғаюының белгісі болады.

7-сурет. Ипотекалық кредиттеу талаптары

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №16 сұрақ: Ипотекалық кредиттеудің төменде келтірілген талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше ипотекалық кредиттеудің төменде келтірілген талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Таза оң пайыздық өзгеріс ипотекалық кредиттеудің талаптары қысқаруының белгісі болады.

8-сурет. Тұтынушылық кредиттеудің талаптары

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №13 сұрақ: Жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

№17 сұрақ: Тұтынушылық кредиттеудің төменде келтірілген факторлары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше тұтынушылық кредиттеудің төменде келтірілген факторлары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Таза оң пайыздық өзгеріс тұтынушылық кредиттеудің талаптарын қысқарту белгісі болады.

9-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі

Таза пайыздық өзгеріс



- (а) №18 сұрақ: Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі келесі 3 айда қалай өзгереді?
- (б) Таза оң пайыздық өзгеріс жеке тұлғаларға арналған кредиттердің сыйақы мөлшерлемесін төмендету белгісі болады.